

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.284-286

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҮТТІ ЖӘНЕ ЕТТІ ІРІ ІРІ ҚАРА МАЛДЫ КҮТІП-БАҒУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Жүсіпбек А.,
Сенкебаева Д.Т.*

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында: «Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек. Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту» делінген. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі боламыз.

Қалыптасқан әлемдік үрдістермен қолда бар әулетті ескерер болсақ, агроөнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуға тиіс.

Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің құрамында ірі қара шаруашылығы маңызды орын алады. Себебі халыққа және өнеркәсіпке аса керекті ет, май, тері, сүт сияқты өте бағалы азық-түліктер мен шикізаттарды осы ірі қара шаруашылығы береді. Сондықтан, агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту міндеті ірі қара шаруашылығына да тікелей қатысты.

Еліміздің үлкен табиғи жайылымдардың көп болуы және климаттық қолайлылық, бәсекеге қабілетті және ең бастысы экологиялық таза мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді [1].

Қазіргі уақытта ірі қара шаруашылығы саласында үлкенді-кішілі шаруа қожалықтары мен фермерлердің құрылып, жұмыс істеуі мен техникалық-материалдық жағдайларының жақсы деңгейде болуы, алынатын өнімдердің және сатып алу бағаларының қол жетімді және өзіндік құнның жоғары болуына байланысты бұл сала қарқынды дамуда. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен әлемдегі болып жатқан күрделі экономикалық дағдарыстар мен өзгерістерге байланысты агроөнеркәсіп кешенін дамыту және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржылық дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, олардың ойдағыдай іске асуына алғы шарттар жасалып жатыр. Өткен жылдарда осы

саланы дамытып, ет, сүт өнімін молайтып, сапаны жақсарту мақсатында шетелдерден жоғары өнімді, асыл тұқымды малдар әкелінді [2,3].

Елімізде сиыр етінің өндірісін арттыру ірі қара малдың жас төлін бірізді қарқынды өсіру және семіртумен, малды бағу және жемдеу технологияларын жетілдірумен, өсірілетін малдың генетикалық мүмкіндігін барынша пайдаланумен өте тығыз байланысты.

Елдің экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде отандық сүтті мал шаруашылығы бәсекеге қабілетті болу және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімділігі жоғары мал басына негізделуі керек. Сүтті мал шаруашылығы адамдардың жоғары құнды тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда және тамақ өнеркәсібін жануарлардан алынатын шикізатпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Әлемнің көптеген елдерінде сүтті мал шаруашылығы сиыр басын бір мезгілде сақтай отырып, яғни қарқындату жолымен сүт өндіруді ұлғайтады.

Сүт өндіру жүйесінде мынадай технология ұйымдастыру қажет: сүт өнімділігінің генетикалық потенциалы жоғары голштин, әулиеата, голланд сиырларын және оның будандарын пайдалану; малды жыл бойы қорада ұстап, сүтті цехтік жүйеде өндіру; сауым маусымында дайындалған бірінші тума сиырларды өзінің берген өнімімен тексеріп, бірінші тума сиырлар табынын құру, жыл бойы үздіксіз өнім алу; әртүрлі технологиялық топтарды ұстау, арнайы қоралар дайындау, мүмкіндігінше жануарларды сауым маусымында бір жерде ұстау, шығынды азайту, бөтен қораға суалғанда және төлдегенде ғана шығару.

Соңғы жылдары сауын сиыр шаруашылығы біркелкі өнеркәсіп аймақтарына шоғырландырылып дамуда [4]. Сауын сиырдан майлылығы 3,9%- дан жоғары 4,0-4,5 мың кг сүт алынуда. Жануарлардың санын ұлғайту және мал өнімділігінің генетикалық әлеуетін арттыру бойынша ғылыми-практикалық жұмыс дүние жүзіндегі асыл тұқымды малдардың генофондын пайдаланғанда жүзеге асырылады. Өнеркәсібі мейлінше дамыған қалалар мен аудандар маңында сүт барынша көп өндірілуі қажет. Ол үшін малазықтық жүгері, арпа, бұршақ тұқымдас дақылдарының егіс көлемін кеңейту қажет болды.

Қызылорда облысы, Бидайкөл өңірінде орналасқан «Бимағамбет» ШҚ жер көлемі 300,0 гектар, мұның ішінде негізгі жері табиғи жайылымдылық жерлер мал шаруашылығының барлық түрлерін өсіріп-өндіріп дамытуға, өркендетуге өте қолайлы. Негізгі бағыты – етті, сүтті бағыттағы мал шаруашылығы және солардың өнімдерін өсіп-өндіру болып табылады. Атап айтқанда, шаруашылық етті бағыттағы Қазақтың ақбас тұқымын қазіргі кезде өсіріп дамытуды қолға алған, жалпы саны – 130 бас. Бұл жерлер далалы, ойлы-қырлы, қыратты болып келеді де, мал өсіруге өте қолайлы. Осы жерлерде шаруашылықтың қыстаулары, күздеуі мен жайлауы сонымен қатар мал өсіріп-өндіретін бөлімшенің орталығы мен мал қоралары орналасқан. Малдар қыстауларда қыстатылып, ірі қара малдар қыс-көктем айларында төлдетіліп, қойлар көктемде төлдетіліп, ал жаз айларында алыстағы жайлауларында семіртіліп бағылады да, күзге қарай күздеулерге қайта

оралады. Атап айтар болсақ, ірі қара шаруашылығы екі бағытта өсіріледі: бірі – сүтті бағытта болса, екіншісі – етті бағытта. Етті бағытта қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малдары өсіріледі.

Қазақтың ақбас сиыры — ет бағытындағы тұқым. Қазақстан мен РСФСР-дың оңтүстік-шығыс аудандарында қалмақ және жергілікті сиырларды герофорд тұқымымен будандастырып, үшінші ұрпақ будандарын бірыңғай өсіру арқылы шығарылды. Жеке тұқым ретінде 1950 жылы қабылданды. Жайылымға жақсы, тез ет алады. Ыстық-суыққа төзімді. Денесі ықшам, сүйегі берік. Сирағы қысқа, төртбақ, мойны қысқа, жуан, жонды, кеудесі кең, төсі салыңқы. Шоқтығының биіктігі 124—125 см, тұрқы 152—156 см, жіліншілігінің орамы 18—20 см. Жайылымда семірілген өгізшелердің сойыс шығымы 63—67%.

Шаруашылықтың сүт комплексінде: сиырлар – 28 бас, құнажындар - 11, тайынша - 9, бұқашықтар – 7; етті бағытта - 70, оның ішінде сиыр – 20, құнажындар – 8, тайынша – 6, бұқашық – 21, бордақы бұқашық – 10, асыл тұқымды бұқашық – 5 бас.

Жалпы шаруашылықта малдарға азықтың бірнеше түрлері мен минералды қоспалар беріледі. Күніне барлық сиырға 5 тонна 30 кг азық қоспасы беріледі. Азықты күніне 2 мезгілде : таңертең 6.00-8.00 аралығында және кешкі уақытта 16.00-17.00 аралығында береді. Азық түрлеріне тоқталатын болсақ: арпа – 735 кг, жүгері – 350 кг, соя – 676 кг, тұз – 15 кг, сода – 28 кг, премикс – 76 кг, шөп – 2 тонна 50 кг, сүрлем - 650 кг.

Серуендеу-азықтық аймағы мал тобын ұстауға арналған қоршалған жеке аймақ. Ірі қара малды қысқы қорада ұстау жағдайына ауыстырмас бұрын, мал тұратын қорасын дайындап алады. Ол үшін қалың ауыстырылмайтын қалыңдығы 30-40 см болатын сабан төсеніш салады. Серуендеу-азықтық аймағының ортасында қорған салынады, ол аптасына 1 рет жаңартылып отырады. Азықтанғаннан кейін мал қорғанда демалады, сол себепті лас жерде аз уақыт болады.

Мал шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстары:

А) алғашқы зоотехникалық есеп. Ірі қара шаруашылығында зоотехникалық есепті жүргізу үшін келесідей құжат түрлері қажет: туылған төлдің акты, төлді өсіру журналы, ұрықтандыру және төлдеу журналы, бұқалар мен сиырлардың асыл тұқымдылық карточкалары, жұмыстық және бонитировка жүргізу кітапшасы, бұқаның ұрпағының сапасы бойынша бағалау кітапшасы болуы керек.

Шаруашылықта зоотехникалық есепті Қазақстанда қазіргі кезде дамыған ААЖ (ИАС) бағдарламасы бойынша жүргізеді. Малдарды чип құрылғыларымен және сырғалар арқылы жекек нөмірлейді. Ай сайын №24 үлгідегі айлық табын айналымы жүргізіліп отырады.

Шаруашылықта жайылымды ұзақ уақыт бойы пайдалану, яғни жайылымдық әдісі қолданылады.

Жақсартылған құнарлы азықтарға бай жайылымдар сиыр және төлін, құнажындарды және ремонттық тайыншаларды қоректік заттармен бүкіл жайылымдық мерзімінде қамтамасыз етеді.

Жайылымда малдарды сумен қамтамасыз ету үшін су ішетін астаулар немесе суға арналған резервуар орнатады. Су жер астынан насос арқылы беріледі.

Мамыр айында малдар жайылымдық ұстауға көшіріледі. Бірақ бірте - бірте күніне 3 сағаттан бастап 2 аптаның ішінде 12-14 сағатқа дейін іске асырылу керек. Жайылымға шықпас бұрын ас қорыту механизмі бұзылмас үшін, сүттің майлылығы төмендемес үшін пішен берген дұрыс. Жайылымды аумақтарға бөліп пайдалу керек. Ол үшін қайда, қанша уақыт мал бағу керек екенін жоспарлап алу керек.

Малшы жайылымға 3-4 аптадан кем емес уақытта қайта келу керек. Жаздың екінші жартысында ірі қара қосымша көк шөпті қажет етеді. Оны есептеу үшін, жайылымда шөпті рейкамен қоршау керек. Содан кейін белгіленген аймақтың шөбін кесіп алып өлшеу керек. Орташа үлгісін шығару үшін әр жерінен шөп кесіп алу керек.

Ал сүт тауарлы фермасында сиырлар станокты ұстау тәсілі бойынша өсіріледі.

В) малды бонитировкалауды ұйымдастыру және жүргізу. Бонитировкалау кезінде малды тұқымдық және шығу тегіне байланысты, тірілей салмағы бойынша, экстерьер және конституциясы бойынша, сүттілігіне, ұрпағының сапасы бойынша, денсаулық жағдайына, жүн түсімі бойынша бағалау жүргізіледі. Асыл тұқымдық шаруашылықтарда бұқаларды 100 балдық, ал сиырларды 30 балдық шкала бойынша жүргізеді.

Сиырлардың сүт өнімділігін төлдің салмағына қарап анықтайды: репродукторлы шаруашылықтарда 6 айлығында, тауарлы шаруашылықтарда 6-8 айлығында анықтайды.

Шаруашылықта көктем айларында қойлар төлдегенде және қозыларды енесінен айырған кезде банитировкалау жұмыстары жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D1%83>

2. Исабеков К. И. Основы ведения мясного скотоводства /Исабеков К. И, Сагинбаев А. К, Нурманов К. К, Суминов А. А./ - Астана, 2011. – 70 б.

3. Төреханов А. Ә. Ірі қара мал шаруашылығы / Кәрімов Ж. К., Дәленов Ш. Д., Найманов Д. Қ., Жазылбеков Н. Ә./ - Триумф «Т» Алматы, 2006. – 123 б.

4. Birhanu Yeserah1. Handling Practices of Raw Cow's Milk and Major Constraints of Clean Milk Production in and around Bahir Dar City, Ethiopia /Asaminew T., Hailu M./ - Barcelona, Spain. - Adv Dairy Res 8: 234. doi: 10.35248/2329-888X.20.8.1.234.